

*Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Психология негіздері коммуникативтік дағдылар кафедрасы*

*Тақырыбы: Медициналық этика
және деонтология*

Орындаған: Бекмахан А.

Тобы: ЖМ-1003

Қабылдаған: Мусабекова А.С.

Қарағанды 2017

Жоспар

- Медициналық этиканың принциптері
- Дәрігерлік деонтология
- Медициналық этика
- Медициналық этиканың құрамдас бөлігі
- Медициналық этиканың қазіргі заманғы ережесі
- медициналық этиканың аспектілері
- Медициналық этика негізгі бағыттары
- Дәрігер мен науқас
- Дәрігер және қоғам

Қазіргі кезде медициналық этиканың принциптері биомедициналық этика түсінігінде тұрақталған. Ол медицина қызметкерлерінің жеке тұлғасының әлеуметтік функциясын қорғайды.

Қазіргі таңда «биомедициналық этика» үш түрде немесе модельде беріледі:

1. *Гиппократ модельі*. Бұл модельдің негізгі принципі – «зиян келтірме». Дәрігер пациенттің әлеуметтік сенімін жеңеді. Медицина атас Гиппократпен тұрақтанған дәрігерлік принципі (460-377жж.), қазіргі таңда белгілі «Антта» көрсетілген.
2. *Парацельс модельі* (1493-1541 жж.) – «Қайырымдылық жасау», орта ғасырларда пайда болған. Оның негізгі мағынасы емдеудің барлық процессін құрайтын дәрігердің пациентпен контактісі болып табылады.
3. *Деонтологиялық модель* немесе дәрігерлік этика, 1840 ж құрылған. (авторы Петров). Негізгі принципі «міндетті орындау».
4. *Биоэтика* – дәстүрлі медицинаның заманауи түрі, негізгі принципі «адамның құқығын және мәртебесін сыйлау».

ДӘРІГЕРЛІК ДЕОНТОЛОГИЯ

Әрбір тарихи кезеңде әділет, абырой мен парыз ұғымдарында өзінше түсінік қалыптасқан.

Медицина - ең ежелгі мамандықтардың бірі. Ол ем қолданып, шипа дарытудың бай тәжірибесін менгеріп, адам іс әрекеттерінің өзге түрлерінен ерекшеленетін белгілі бір қасиеттер иеленеді. Медицинаға да әлеуметтік-саяси құрылысқа байланысты қалыптасатын өзіндік ахлақи және адамгершілік жосындар тән болмақ. Көне замандардан бері дәрігерлікпен шұғылданатын адамдарға айрықша адамгершілік талаптар қойылып келеді. Ежелгі дәуір медицинасында дәрігерлер басшылыққа алуға тиісті адамгершілік талаптар мен ахлақи жосындардың тұтас бір жиынтығы қалыптасқан.

XIX ғасырда медицинаның деонтологиялық мәселелеріне Ресейде де үлкен маңыз беріліп, алдыңғы қатарлы орыс дәрігерлері /М.Я.Мудров, Н.И.Пирогов, С.П.Боткин т.б./ өз еңбектерінде дәрігерлік тәжірибенің моральдық-этикалық жақтарына, дәрігердің қоғам алдындағы, мұқтаж ауру кісі алдындағы борышы туралы өте бағалы пікірлер айтты. 1917 жылғы қазан төңкерісіне дейін медициналық жоғарғы оқу орнын бітіріп шыққан дәрігерлер «Факультеттік уәде» /факультетское обещание/ қабылдап, оның өз тәжірибесінде мұқият сақталуын қамтамасыз етіп отырды.

1917 жылы Ресей Империясында болған төңкеріс, соның нәтижесінде өмірге келген Кеңестер Одағы және онда үстемдік еткен Коммунистік идеология медицинаның деонтологиялық мәселелерінің дамуына үлкен әсер етті. Медицинаның бұл тұстағы моральдық, этикалық, деонтологиялық мәселелерінің даму барысы-оған Советтік мемлекеттік құрылыстың, коммунистік идеологияның тигізген әсерлері, әзірге жабулы, зерттеусіз мәселелер. Бұндай зерттеулер — алдағы уақыт үлесі, келешек моралист зерттеушілердің азаматтық борышы.

Медициналық қызмет этикасы

Медициналық этика (лат. ethica, грек тілінен алғанда ethice - адамгершілікті зерделеу), немесе медициналық деонтология (грек deon- парыз; термин «деонтология» соңғы жылдардағы отандық әдебиетте кеңінен қолданылуда), - медицина қызметкерлерінің өз кәсіби міндеттерін орындау барысындағы қағидалар мен этикалық нормалар жиынтығы.

Этика — адамгершілік туралы және оның әлеуметтік мәні туралы ілім. Медициналық этика - медицина қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерінде көрініс табуда. Ол медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез-құлық нормаларын реттейтін қағидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасын, тән және жан тазалығын қарастырады.



Ертедегі Вавилон, Египет, Индия, Қытай қолжазбаларында дәрігерлер, олар-дың жұмыстары және оларға қойылатын талаптар жөнінде мәліметтер кездеседі, Осы тұрғыда медицинаның моральдық — этикалық жақтарын зерттеушілердің көпшілігі жаңа дәуірге дейінгі V — IV ғасырлар шамасындағы Үнді халық эпосы «Аюр-Веды»-ны мысалға келтіреді /С.С. Юдин, 1967, И.А. Кассирский, 1970, Э. П. Чеботарева, 1970, Б.В. Петровский, 1988 т.б./. Осы ерте ғасырлар куәсінде сол тұстағы қауымның дәрігерлер жөніндегі көзқарасы берілген. Дәрігерлердің негізгі рухани, адамгершілік қасиеттері ретінде өзгеге жаңашырлық, тілектестік, төзімділік, ұстамдылық сияқты сипаттар көрсетілген. Дәрігерлердің ең басты міндеті ауру адамның өмірден үмітін үзбеу, сұрқостан айығып кететіне күмәнсіз сендіру деп көрсетілген. Бұлай болуы заңды да.

Медициналық этиканың құрамдас бөлігі

деонтология болып табылады. Бұл жаңа ғылым саласы XIX ғасырдың басында пайда болды (грекше deon - тиісті; logos - ғылым, ілім). Деонтология термині қолданысқа енгеніне аса көп болған жоқ: өткен ғасырдың басында ағылшын философы И. Бентам оны адамның кәсіби мінез-құлқы туралы ғылымның атауы ретінде ауызға алған.

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЭТИКАНЫҢ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ЕРЕЖЕСІ:

- • Стационарда және бөлімде жұмыс тәртіпті болу керек. Субординацияны, яғни кіші медицина қызметкерінің жоғарғы медицина қызметкеріне деген қатынасын сақтау керек.
- Медицина қызметкері науқасқа деген қатынасы тұрақты болу қажет

- Дәрігер жоғарғы білікті маман болуы қажет.
- Науқастың қатысуымен басқа медицина қызметкерлердің қателіктерін айтпауы тиіс.
- Дәрігер диагнозды, емдік шаралардың көрсеткіші мен қарсы көрсеткіштерін ескере отырып, қажетті операция жасалуын басқа дәрігермен кеңесе отырып іске асыруы қажет.

- • Орта және кіші медицина қызметкерлерімен қарым қатынас жақсы болуы қажет.
- Дәрігер тактикасын науқастың мінезіне, оның мәдениет деңгейіне, ауру сатысына, психика ерекшелігіне қарай жүргізілуі тиіс.
- Дәрігер науқастың туыстарымен баязы болуы керек, дәрігерлік құпияны сақтауы тиіс. Егер де аурудың асқынған түрлері болғанда жақын туыстарымен ашық әңгімелесуіне болады.

ДӘРІГЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Медициналық деонтология медицина қызметкерлері қызметінің моральді-этикалық негіздерін, олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестерімен өзара қарым-қатыстарын қамтиды. Бұған дәрігердің кәсіби тұрғыдан өсу, науқастардың тілек талаптарын мейлінше қанағаттандыру мақсатымен емдеу, аурудың алдын-алу мекемелерінің қызметін ұйымдастыру мәселелері жатады. «Дәрігершеберлігі» ұғымын техникалық тәсілдер қауызына қамап қоюға болмайды. Бұл - дәрігердің бойына біткен «клиникалық ойлау жүйесі» деп аталатын, интеллектуальді жұмыс түрінде көрінетін творчестволық үрдіс

**Қазіргі заманғы түсінік бойынша , медициналық этикаға келесі
аспектілер кіреді**

**Ғылыми – медицина
қызметкерлерінің жұ
мысының этикалық
және адамгершілік
аспектілерін зерттей
тін медициналық
ғылым тарауы**

**практикалық
- кәсіби
медициналық
қызмет
барысында этикалы
қ нормалар мен
ережелерді
қалыптастыру және
қолдану
міндеті болып
табылатын медицин
алық
практикасының
саласы.**

бойынша тұлғаралық қарым-қатынастардың әртүрлі мәселелерін зерделейді және шешеді:

- **медициналық қызметкер – емделуші,**

- **медициналық қызметкер – емделушінің туысқандары,**

- **медициналық қызметкер – медициналық қызметкер.**

ДӘРІГЕР МЕН НАУҚАС

Емдеу жұмыстары барысындағы дәрігер мен науқастың өзара қарым-қатынасының моральді-этикалық мәселелері деонтологияның маңызды тармағы болып табылады. Емдеу мекемесі туралы алғашқы әсердің жағымды, не жағымсыз болуы медицина қызметкеріне, осы жердегі жұмыс тәртібі мен жай-ахуалға байланысты қалыптасады. Емдеу мекемесіндегі орта мен ахуал науқастардың көңіл-күйіне, сайып келгенде, емдеу ісіне зор ықпалын тигізеді.



ПРОФМЕД

Центр профессионального лечения

наркомании и алкоголизма

г. Москва, ул. Мухоморова, д. 10

Главная

Программа лечения

Лечение алкоголизма



О нас

Программа

Реабилитация

Гарантии

Семья

Новости

Контакты

ПрофМед: лечение наркомании и алкоголизма

ДӘРІГЕР ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Медициналық деонтология медицина қызметкерлері қызметінің моральді-этикалық негіздерін, олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен, әріптестерімен өзара қарым-қатыстарын қамтиды. Буған дәрігердің кәсіби тұрғыдан өсу, науқастардың тілек талаптарын мейлінше қанағаттандыру мақсатымен емдеу, аурудың алдын-алу мекемелерінің қызметін ұйымдастыру мәселелері жатады.

Қорытынды

Жалпы этика дегеніміз менің ойымша адамгершілік туралы және оның әлеуметтік мәні туралы ілім.

Медициналық этика - медицина қызметкерлерінің адамгершілік қасиеттерінде көрініс табуда. Ол медицина қызметкерлерінің ерекшеліктері мен қоғамда алатын орнына байланысты мінез-құлық нормаларын реттейтін қағидалар жиынтығын қамтып, дәрігердің науқастармен және олардың туыстарымен өзара қарым-қатынасын, тән және жан тазалығын қарастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

- Коммуникативтік дағдылар (М.А.Асимов, С.А.Нұрмағамбетова, Ю.В.Игнатъев)
- <http://shava.kz/>
- [www.aktobegazeti.k](http://www.aktobegazeti.kz/)
- <http://ikaz.kz/>